

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА.

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша

14 наурыз 2024 жыл

Қызылорда қ.

1. «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген *(өзгерістер енгізу туралы)* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында кәсіпорынның бас дәрігердің 2024 жылғы «04» наурыз № 64-1-Ө құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

1) МаксUTOва Гулстан Аубакировна - Бас дәрігер

Жұмыс тобының жетекшісі.

2) Утегенова Шолпан Женисбековна – Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, Жұмыс тобының мүшесі.

3) Балықбаева Салтанат Шамиевна – Эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің меңгерушісі, Жұмыс тобының мүшесі.

4) Утепова Жамиля Дүйсенбаевна – Ұйымдастыру әдістемелік бөлімі меңгерушісі, Жұмыс тобының мүшесі.

5) Асанова Жансая Хамитовна – Кәсіпорынның заңгері, Жұмыс тобының мүшесі

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2023 жылдың 04-14 наурыз айы аралығы.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 01.06.2023ж.-31.12.2023ж. кезеңі қамтылды.

5. Кәсіпорынның бас дәрігері Г. МаксUTOва топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктеледі.

6. СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Кәсіпорын бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорын бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер

1. Диагностика: зертханалық (иммунологиялық, серологиялық зерттеулер) адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын зертханалық диагностикалау (АИТВ-диагностика);
2. Ересектерге мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық медициналық көмек - мынадай мамандықтар бойынша: Иммунология, Инфекциялық аурулар.
3. Ересектерге және балаларға мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық медициналық көмек - мынадай мамандықтар бойынша: Дерматовенерология.
4. Санитарлық гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық қызмет: халыққа гигиеналық білім беру:

Кәсіпорында 6 құрылымдық бөлімше және 2 филиал жұмыс жасайды:

- Әкімшілік-шаруашылық бөлімі
- Ұйымдастыру-әдістемелеу бөлімі
- Эпидемиологиялық бөлімі
- Профилактикалық жұмыстар бөлімшесі
- Сенім және шприцтерді алмастыру пункті
- Жылжымалы Сенім пункті (ЖСП)
- Емдеу-профилактикалық жұмыстар және күндізгі стационарды қосқанда диспансеризациялау бөлімі
- Диагностикалық зертхана
- Қазалы ауданы бойынша филиалы
- Шиелі ауданы бойынша филиалы

II. Кәсіпорын бөлімінің қызметіне, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, заңдарын, нормативтік құқықтық актілерін, кәсіпорынның бөлімдердің қызметіне басшылыққа алатын құқықтық актілерін зерделеді.

Кәсіпорын бөлімдердің қызметінде келесідей нормативтік құқықтық актілерін пайдаланылады:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;
- «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі»;
- «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттарын, амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттардың,

медициналық бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы №666 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы.

- "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы.

- АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-211/2020 бұйрығы.

- АИТВ инфекциясының профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ерікті түрде анонимдік және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қаралу және консультация алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-204/2020 бұйрығы.

- Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені, сондай-ақ олар жүргізетін зерттеулердің көлемі мен түрлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 758 бұйрығы.

Кәсіпорының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық жасау тәуекелдерінің болуы (дискрециялық өкілеттік пен нормалар)

Облыс аумағы бойынша АИТВ инфекциясынан тексеру қызметін жүргізеді және халық арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарына іс-шаралар ұйымдастырады. Есепте тұрған науқастарға тиісті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіледі.

Кәсіпорының бөлім қызметкерлерінің функционалдық міндеттері:

Кәсіпорының бөлім қызметкерлері бекітілген функционалдық міндеттеріне сәйкес жұмыс атқаруда.

Кәсіпорын қызметінің мәні облыста ЖИТС ауруының алдын алу, емдеу, дер кезінде анықтауға және таралуына қарсы бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты адамның иммун тапшылығы вирусының (әрі қарай - АИТВ) мен ЖИТС-тің профилактикасы, диагностикасы және емдеуге көмек көрсету болып табылады.

Жеке және заңды тұлғалардан кәсіпорынға байланысты келіп түскен арыз-шағымдармен жұмыс жасайды.

Нормативтік құқықтық актіні талдау жүргізу нәтижесінде мынадай қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтары байқалуда:

АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қызметі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы негізінде Анықтама беріледі.

Бұл анықтама ақысыз негізде Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің талабына сәйкес ТЕГІН беріледі.

Анықтамаға Кәсіпорынның арнайы мөрі басылады.

АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау анықтамасын рәсімдеу мемлекеттік қызметтің қатарына енгізілмеген, Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталынан АИТВ инфекциясының бар-жоғы туралы анықтамасын алу мүмкіндігі жоқ.

Сол себепті, кез-келген ЖИТС орталығынан тыс жерлерден жалған анықтама жасатып алу қауіптілігі болуы мүмкін, себебі ЖИТС орталығының мөріне ұқсас мөр жасатып алып жалған анықтаманы сату мүмкін деген сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар.

III. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі.

Персоналды басқару бағыты бойынша

Кадрлық құрам бойынша: Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы; Кәсіпорынның штат саны 2023 жылдың басында 87,75 бірлікті, соңында – 87,75 бірлікті құрады. бос орын жоқ: 1 бірлік – Бас дәрігер, 1 бірлік – бас дәрігердің орынбасары. 2023 жыл осы қалыпты штат бірлігі, ауысу орны – жоқ, жұмысқа қабылдау 3 бірлік – 2 дәрігер және 1 лаборант.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

2023 жылы 2-жарты жылдығы:

Тәртіптік жаза 12 қызметкерге берілген.

2023 жыл 31-желтоқсан айына дейін сыбайлас жемқорлық сипатына жататын заңбұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселесін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі.

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның қызметкерлерін іріктеу мен тағайындау барысында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңының талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Атап айтқанда, емдеу ұйымдарында емдеу саласы, сонымен қатар кадр мәселесі, қызметкерлерді жұмысқа (дәрігерлер, орта және кіші буын медицина қызметкерлері, әкімшілік қызметкерлерді) қабылдау саласына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Қазіргі таңда жұмысқа орналасу электрондық форматқа көшірілген, бос жұмыс орындары «электрондық еңбек биржасына» орналастырылады (enbek.kz).

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 2-тармағына сәйкес, барлық медицина ұйымдарындағы бос жұмыс орындары enbek.kz сайтта ашық жариялануда, бос жұмыс орындары пайда болған кезде медицина ұйымдары жергілікті жұмыспен қамту орталықтарына ақпарат беріп отырады.

Нәтижесінде облыстың барлық медициналық мекемелерінде бос және (немесе) уақытша бос орындарға әңгімелесу өткізудің және комиссия жұмысының ашықтылығын мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды шақыруды және әрбір кандидатпен әңгімелесу барысын техникалық жазба құралдары көмегін қолдану тапсырылған.

Сонымен қатар облыстың медициналық мекемелері бос және (немесе) уақытша бос орындар **электрондық еңбек биржасына** тіркеу арқылы хабарлама жариялайды.

Медициналық ұйымдарында бос жұмыс орны қалыптасқан жағдайда электрондық еңбек биржасынан жолданған түйіндемелерді қарап, әңгімелесуден өткеннен кейін еңбек шарты жасалып, жұмысқа қабылданады.

Алайда, жұмысқа қабылдау барысында электрондық еңбек биржасынан жолданған түйіндемелерді қарағаннан кейін әңгімелесу өткізу тәртібі регламенттелмеген.

Жұмысқа қабылдау барысының ашықтығының жоқ екенін көрсетумен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім екенін аңғартқан.

Бұл ретте, «**құқықтық олқылық**» болудың келесідей индикаторлары байқалады:

1) лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің құзыретін регламенттейтін ережелердің болмауы, бұл заңсыз пайда алу мақсатында өкілеттіліктерді өз бетінше айқындау мүмкіндігін тудырады;

2) құқықтық акт немесе ішкі құжат талдау объектісі лауазымды адамының шешімдер қабылдау негіздері және тәртібі белгіленбеген.

Ұсыным:

1) *Жұмысқа қабылдау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажет;*

2) *Кәсіпорынға жұмысқа қабылдау барысында құрылатын комиссия құрамына басқару органы, яғни Басқарманың тиісті қызметкерлерінің және «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының өкілдерін енгізу қажет;*

3) *Жұмысқа қабылдау кезінде үміткерлермен әңгімелесу барысын бейне және аудиотіркеуді қолдану арқылы өткізу;*

4) *Кәсіпорының интернет сайттарында, әлеуметтік желілерінде бос орын туралы ақпараттарды жариялануын қамтамасыз ету.*

2) *Лауазымға конкурстық іріктеуді жүргізбей тағайындау.*

Жұмысқа қабылдау барысында электрондық еңбек биржасынан жолданған түйіндемелерді қарағаннан кейін әңгімелесу өткізу тәртібі регламенттелмеген.

01.06.2023ж.-31.12.2023ж. кезеңіне дейін:

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның бос орынға тағайындау болмаған.

Лауазымға конкурстық іріктеуді жүргізбей тағайындау.

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның тағайындау барысында лауазымға конкурстық іріктеуді жүргізбей тағайындау фактілері орын алмаған.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

Кәсіпорының бос лауазымдарға конкурсты өткізу және тәртіптік жазалардың мерзімінен бұрын алып тастау процессі тек НҚА-ға сәйкес өткізіледі. Бұл бағытта сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдер анықталмады.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңінде жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау.

01.06.2023ж.-31.12.2023ж. кезеңіне дейін Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңінде жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау фактілері болмаған.

Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.).

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның конкурсы «Еңбек биржасы» сайты арқылы өткізіліп келеді. Бірыңғай конкурс отырысы кезеңінде кәсіпорын тарапынан жарияланған конкурстарда тиісті құжаттарды рәсімдеу кадр маманы арқылы жүзеге асырылады.

Әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы.

«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы» КМҚК-ның бас дәрігері мен кадр маманы арқылы жүзеге асырылады.

Кандидаттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңдарына сәйкес, жұмыскерлердің мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Басқарма тарапынан мүдделер қақтығысы орын

алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей бас дәрігердің жұмыскердің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауға, оның ішінде: 1) мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша жұмыскердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа жұмыскерге тапсыруға;

2) жұмыскердің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс. Жұмыскердің, оның тікелей басшысы және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру.

Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей, лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру фактілері орын алмаған.

Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына және тиісті заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылып келеді.

Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.

Кәсіпорының жұмыскерлерін көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы негізінде, тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге Кәсіпорының тарапынан сыйақы берілмейді.

Мерзімнен бұрын алынған жазалардың көптігі.

Есептік кезеңде мерзімнен бұрын жазалар алынбаған.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.

Кәсіпорының қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған Кәсіпорының қызметкерлеріне сыйақы беру үшін Кәсіпорының бөлім меңгерушілердің, орынбасарлардың ұсынысы негізінде сыйлықақы беру жөнінде шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес Кәсіпорының қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған Кәсіпорының қызметкерлеріне сыйақы беру үшін Кәсіпорының бөлім меңгерушілердің ұсынысы негізінде сыйлықақы беру жөнінде шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

Тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастау.

01.06.2023ж.-31.12.2023ж. кезеңінде тым қысқа мерзімде тәртіптік жазалар алынбаған.

Заңнаманың бұзылуын, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және тағы басқа.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Зандарына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексіне сәйкес, Заңнаманың бұзылуын, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және тағы басқа да фактілер орын алған жоқ.

01.06.2023ж.-31.12.2023ж. кезеңіне дейін қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің «Ақпараттық қызмет» жүйесімен қалыптастырылды. Қызметкерлер арасынан сыбайлас жемқорлық, әкімшілік тұрғысында құқық бұзушылық орын алмаған.

Сонымен қатар, айта кететін жайт, жұмысқа қабылданатын әрбір жұмыскерді қызметке қабылдамас бұрын осы тексеруден өтеді.

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша.

01.06.2023ж.-31.12.2023ж. кезеңіне дейін Кәсіпорын бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Жалпы Кәсіпорында мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру Кәсіпорының құзыреттілігінде көзделмеген.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру

Кәсіпорының бақылау функциялары іске асырылмайды.

VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

01.06.2023ж.-31.12.2023ж. кезеңіне дейін 82 983 995-00 тиын теңге қаржы игерілді.

IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Мемлекеттік сатып алу бойынша

Мемлекеттік сатып алу және жылдық жоспардың толықтай атқарылуы бойынша жүргізілген қызметтерін атап айтатын болсақ:

Кәсіпорынның 2023 жылға арналған даму жоспарында тек мемлекеттік сатып алу веб порталына бекітілген соммасы 20 344 970-00 тиын теңге бекітілген. Осы бөлінген сомманы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 5-бабын толықтай орындап, мемлекеттік сатып алу веб-порталына уақытысында енгізілген.

Мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы 62 келісім шарт жасалды. Оның ішінде: Ашық конкурс арқылы-0, Баға ұсыныстары бойынша-28, мемлекеттік сатып алудың негіздемелік келісімді қолдану арқылы екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен-0, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен-17, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен-6, электрондық дүкен арқылы-11;

Кәсіпорынның 2023 жылға арналған даму жоспарында тек мемлекеттік сатып алу веб порталына бекітілген соммасы 87 231 201-48 тиын теңге бекітілген. Осы бөлінген сомманы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 5-бабын толықтай орындап, мемлекеттік сатып алу веб-порталына уақытысында енгізілген.

Мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы 149 келісім шарт жасалды. Оның ішінде: Ашық конкурс арқылы-0, Баға ұсыныстары бойынша 65, мемлекеттік сатып алудың негіздемелік келісімді қолдану арқылы екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен-5, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен-36, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен-15, электрондық дүкен арқылы-28;

Тауарлар мен қызметердің және жұмыстардың өнім берушілердің жолдаған актілері уақытысында қаралып және мерзімінде процессуалдық шешім қабылданған.

Өнім берушілердің Банктік кепілдік жарналарды тіркеу және қайтару процессуалдық әрекеттері, сонымен қатар бір көзден сатып алу тәсілдері бойынша атқарылған құжаттамаларында еш кемшіліктер анықталған жоқ.

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Кәсіпорында ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану қарастырылмаған.

IX. Кәсіпорында ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

Кәсіпорынның қарауға жолданған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптар берілуін, өтініштердің уақытылы есепке алынуын қадағалау бағытында талдау жасалды. Талдау барысында мерзімі кешігіп орындалған арыз-шағымдар анықталмады. Сонымен қатар, Кәсіпорының қызметкерлері Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты теріс материалдар анықтауға мониторинг жүргізілді. Зертеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ. Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ. Сот тәртібімен даулар деректері орын алмаған.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде орын алатын кемшіліктердің алдын алу мақсатында, қызметкерлердің қатысумен «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заң талаптары сақталған.

Кәсіпорынның қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша,

ҰСЫНЫМДАР:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша:

1.1. Кәсіпорын қызметкерлері арасында үнемі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы бойынша, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі бойынша, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» бойынша құқықтық оқытуларды үнемі жүргізу;

1.2. АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қызметін мемлекеттік қызметтің қатарына енгізу туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне ұсыныс жолдау;

1.3. АИТВ инфекциясының бар-жоғына берілетін «Анықтаманы» Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталына енгізу туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне ұсыныс жолдау.

2. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша ұсыныстарды орындау және уәкілетті органға хаттар жолдауға қатысты іс-шара жоспарын құру

«КЕЛІСІЛДІ»

Жұмыс тобы мүшелері:

1. МаксUTOBA Гулстан Аубакировна

2. Утегенова Шолпан

Женисбековна

3. Балықбаева Салтанат

Шамиевна

4. Утепова Жамиля Дүйсенбаевна

5. Асанова Жансая Хамитовна

Жұмыс тобының жетекшісі

Жұмыс тобының мүшесі

Жұмыс тобының мүшесі

Жұмыс тобының мүшесі

Жұмыс тобының мүшесі

Қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды:

Бас дәрігер:

Г. МаксUTOва